

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.2 – Б.402-405

## **ҚР-ДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ ПАРКІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ АГРОЛИЗИНГТІҢ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ**

*Хамит А.*

Лизинг — кәсіпкерлік, коммерциялық іс-әрекеттің, қызмет көрсету сферасындағы бизнестің жаңа формасы және әлемдік экономикада өте қарқынды дамуда. Көп жағдайда отандық әдебиетте Лизинг — деп машиналарды, жабдықтарды, транспорт құралдарын және өндірістік сипаттағы құрылыстарды арендау немесе ұзақ мерзімге арендауды түсінеді.

Экономикалық қатынастар жағынан алғанда лизингтер қаржы операцияларының жаңа формасын капитал салымдарының тәсілімен іске асыру болып түсініледі: Егер лизингті белгілі бір мерзім шартымен мүлікті уақытша пайдалануға беру деп түсінсек, онда оны негізгі қордағы тауар несиесі деп есептеуге болады. Осы жағынан қарағанда лизинг дәстүрлі банк саудасына баламалы болатын машиналармен жабдықтарды несиелеудің бір формасына жатады. Кез-келген лизинг ісінде ең бастысы қаржы, атап айтқанда несие операциясы. Мүлік иесі пайдаланушыға, лизинг алушыға қаржы қызметін көрсетеді. Ол толық құнына мүлікті жеке меншігіне алады да, лизинг алушы мерзім сайын оның жарна төлеп, оның толық құнын өтейді [1].

Лизинг бүгінгі күні пайда болған жоқ. Венецияда XI ғасырдың өзінде лизингтік операцияларға ұқсас практикада әрекет етті: венециялық кәсіпкерлер сауда кемлерін иелеріне сол кездегі қымбат құрал-жабдықтарды арендаға берген. Қазіргі тарихта лизинг ұғымын алғаш пайдалану 1877 жылдан басталады.

Алғашқы лизингтік компания АҚШ-тың Сан-Франциско (Калифорния штаты) қаласында құралған.

Әлемдік экономикада лизингтің даму тарихы 2 кезеңге бөлуге болады:

Ікезең - алғашқы индустриалды еддерде қалыптасу кезеңі (1952-1970жж.);

Ікезең - "лизингтік бум", оның қарқынды өсу кезеңі (1971- 1990жж.).

Әлемдік лизингтік қызмет нарығының негізгі бөлігі (шамамен 90%) "АҚШ — Батыс Еуропа — Жапония" үшбұрышында шоғырланған.

Ең дамыған лизингтік қызмет нарығы АҚШ-та қалыптасты.

50-жылдардың соңында американдық лизингтік компаниялар өздерінің назарларын шетел нарықтарына аударды.

Европада лизингтік қызмет 60-жылдардың басында жүйелі түрде жүзеге асырылады. Лизинг әртүрлі болып келеді, сондықтан көптеген европалық елдердің заңдарында оны белгілеу үшін әртүрлі терминдер қолданылады.

Франция, Бельгия, Италия елдерінің заң актілерінде сәйкес мынадай терминология қолданылады: аренда, несие; аренданы қаржыландыру; қаржы арендасы бойынша операциялар. Европада лизингтік операциялардың белсенді өсуіне көбінде азаматтық, экономикалық, саудалық қаржы және салық заңдары тұрғысынан олардың статусының белгісіздігі Кедергі болды.

Экономикалық өсудің ынталандыру мақсатында лизингті дамытуда үлкен рольді мемлекеттік қаржы органдары, сонымен қатар бірқатар халықаралық қаржы ұйымдары, оның ішінде дамушы елдер үшін лизингті дамытуда арнайы бағдарламасы бар Халықаралық қаржы корпорациясы (ХКК) атқарады.

Францияда лизингтің операциялардың белсенді дамуына 1966 жылы арнайы лизинг туралы заңның қабылдануы әсер етті. Оның негізгі мазмұны француз экономикасы үшін маңызды лизинг түрлерін бөлуге және сипаттауға келтірілген. Оларға мыналар жатады:

- Несиелік аренда (қаржы лизингтің бір түрі);
- Жай жеткізу (басқа сөзбен айтқанда, оперативтік лизинг келісімі);
- Сатып алу операциясын жеткізу;
- Қозғалмайтын мүлік лизингі.

Француздық лизинг практикасы ерекшеліктерінің бірі іс - әрекеттері энергия сақтау технологияларына, жаңа энергия көздері облысындағы өңдеулерге, пайдалы қазбалар қорын қалпына келтіруге жататын лизинг берушілерді қолдау болып табылады.

Барлық жоғарыда аталған лизингтік қызмет түрлерінің амортизациясы және салықты есептеумен байланысты жеңілдіктері бар.

Дамушы елдерде лизинг көлемінің тез өсуі, әсіресе Индияда, Индонезияда, Малайзияда, Оңтүстік Кореяда байқалады.

Халықаралық лизингтік операциялар даму алды. Олардың көлемі жылына 15-20 млрд. долл. болды, әлемдік машина және құрал-жабдық экспортының 3 пайызына сәйкес келеді. Шетелдік лизинг АҚШ-та, Жапонияда, Ұлыбританияда дамыды.

Жалпы, экспорттық лизингтік операциялардың жалпы инвестиция көлеміндегі үлесі 10-15 пайыз болды.

Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде (АҚШ, Жапония, Германия, Франция) лизингтік тауарлық құрылымда құны бойынша үлкен үлесті ЭЕМ және кеңсе құрал-жабдықтары – 30 - 40 пайыз, жалпы мақсаттары өнеркәсіптік құрал-жабдықтар 15 - 30 пайыз құрайды [2].

Дамушы елдерде лизингтің тауарлық құрылымда үлкен орынды өнеркәсіптік құрал - жабдықтар және автокөлік құралдары алады.

Лизингтік фирмалардың барлық санынан банктердің еншілес компаниялары және басқа қаржы ұйымдары маңызды рол атқарады (АҚШ-тан басқа).

Қазіргі кезде лизингпен айналысатын банктердің және басқа мамандандырылған қаржы ұйымдардың ең көп несие ресурстары бар. Бұл компаниялардың ең ірі объектілерді (зауыттарды, самолеттерді, кемелерді) қаржыландыру мүмкіндіктері бар.

Лизингпен құрал-жабдық шығаратын өнеркәсіптік компаниялар белсенді айналысуда. Ол үшін тек лизингпен айналысатын мамандандырылған филиалдар құрады. Мұндай типті лизингтік компаниялардың ролі әр елде бірдей емес. Мысалы, АҚШ - та лизингтік қызмет нарығының дамуына мұндай компаниялар біршама әсер етеді (әсіресе, ЭЕМ лизингінде).

Келесі фирмалар тобы - қаржылық және мамандандырылған лизингтік фирмалар.

Қаржы фирмалары қаржы лизингімен айналысады және өзінің іс-әрекетін машина құрылысы өнімінің белгілі-бір номенклатурасымен шектемейді. Бұдан басқа, бұл фирмалар несие беруі, бағалы қағаздармен операцияларды жүргізуі лизинг тобына қатысуы мүмкін.

Мамандандырылған лизингтік компаниялар құрал-жабдықтар лизингісінің белгілі-бір түрімен айналысады немесе белгілі бір клиенттер тобына қызмет көрсетеді. Бұл фирмалар көбінесе оперативтік лизингпен айналысады. Бұдан басқа лизингпен сақтандыру компаниялары, инвестициялық банктер және кез - келген мемлекеттік ұйымдар айналысады.

Машина және құрал-жабдық лизингімен айналысатын ұйымдардың дәл санын қай елде болса да белгілеу қиын.

Халықаралық қаржы корпорациясының мәліметтері бойынша жекелеген елдерде 80 - жылдардың ортасында тіркелген лизингтік компаниялардың саны: АҚШ-та - 802; Германияда — 685, қозғалмайтын мүлікті қосқанда; Францияда - 43; Ұлыбританияда — 63; Италияда -300. қозғалмайтын мүлікті қосқанда; Жапонияда — 195, Индияда — 200 бодды Лизингтік қызметті тұтынушылар көбінде шағын және орта фирмалар болып табылады.

Лизингтің қалыптасуының бірінші кезеңі үшін лизингтік операцияларды елдің ішінде кеңейту тән. Қазіргі кезде лизинг шартымен барлық машина және құрал-жабдықтар түрі алынады. Құрал - жабдық құнының мөлшеріне қатысты шектеу жоқ.

ҚР-дағы ауыл шаруашылығы техникасының паркі [3].

Қазіргі таңда машиналар мен жабдықтардың абсолютті санының өсу серпініне қарамастан ҚР-дағы ауыл шаруашылығы техникасы паркінің 80%-ы тозған. Қазіргі уақытта пайдаланудың нормативтік мерзімі 8-10 жыл кезінде 80%-дан астам астық жинау комбайндары мен тракторларының орташа пайдаланылған жылы 13-14 жыл, 71% астық жинау комбайндары, 93% тракторлар және 95% тұқым себетін машина есептен шығаруға жатады, ауыл шаруашылығы техникаларының қолда бар паркі жалпы 87% шегінде тозған. 2004-2009 жылдары техниканың қатардан шығып қалуының орташа коэффициенті оң болды (жылына 0,7%).

АШТӨ соңғы бес жылда жетекші шетелдік өндірушілердің өнімділігі жоғары техникаларын сатып алуда. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы өндірісін энергиямен қамтамасыз ету 2002 жылмен салыстырғанда 19,5 %-ға өсті және 165 жылқы күшін немесе 100 гектар жыртылған жерге 123 кВт құрайды. Салыстыру үшін, Ресейде ауыл шаруашылығы өндірісінің энергиямен қамтамасыз етілуі 259 кВт, Германия, Голландия, Италияда – 350 кВт, Францияда - 364 кВт, Ұлыбританияда - 404 кВт, АҚШ-та – 405 кВт құрайды. Бұл ретте, мәселен жалпы техника санының 4,9 %-ын құрайтын «Хорш», «Джон-Дир», «Кейс», «Морис» өнімділігі жоғары егу кешендері егіс алаңдарының 35,2 %-ын егеді [4].

ҚР-ның КО-ға кіруі КО шегінен тыс жерлерден импортталатын ауыл шаруашылығы техникаларының кедендік бажын айтарлықтай арттырды, бұл ретте, Қазақстан жағдайына қажетті no-till және mini-till технологияларын қолдануға арналған техника КО шегінде қажетті мөлшерде және номенклатурада шығарылмайды. ҚР-да құрастыру деңгейін оқшаулау бойынша жоғары талаптар, сондай-ақ, тұрақсыз өткізу нарығы ҚР-да құрастыру өндірісін құруды шектейді.

ҚР-да АӨК-ні дамытудың күшті жақтары қазіргі уақытта даму бағдарламаларын мемлекеттік қолдау, агротехнологияларды қолданудың жинақталған мол тәжірибесі болып табылады. АӨК-ні дамытудың әлсіз жақтары сақтау қуаттылықтарының, логистикалық қуаттылықтардың жеткілікті мөлшерінің болмауы, ғылыми-зерттеу тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) енгізудің төмен деңгейі, ветеринариялық қауіпсіздіктің төмен деңгейі және дамудағы басқа теңгерімсіздіктер болып табылады[5].

Ауыл шаруашылығы техникасының паркін жаңарту және кеңейту мақсатында лизинг құралын және лизинг төлемдерін субсидиялау тетігін пайдалана отырып мемлекеттік қолдауды жалғастыру қажет.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Сагадиев К.А. Лизинг в Казахстане: теория и практика – Алматы: Балауса, 2010. – 225с.
2. Колчина Л.И. Роль лизинга в финансировании капитальных вложений. // Мир финансов-2014-№2-с.17.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», Астана 2010 ж., қаңтар.
4. Рахимова С.А. Лизинг: проблемы и перспективы развития. // Банки Казахстана. 2014. - №1 – с.23
5. Syrlybaeva N., Turekulova D., Beisengaliyev B., Zhumanova, Nigmatova G. Risk analysis for project based infrastructure financing a reference framework *Life Sci J* 2014;11(10s):53-56]. (ISSN:1097-8135). Impact Factor 2012: 0.165.